



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Әлем халықтарының түсінігіндегі уақыт және кеңістік**Абдималикова Айнуp Бекназаровна**

abdimalikova23@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 2 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ерменбаева Г. К.

Кеңістік — тоқтаусыз құбылыс. Жер бетіндегі адамзаттың ежелден бері пайдаланатын ұзындық өлшемдерінің бәрі осы кеңістікке байланысты. Кеңістіктің негізгі үш қасиеті бар: үш өлшемді кеңістік, шексіз кеңістік және өзгермейтін, яғни мәңгі кеңістік.

Кеңістік — қандай да бір тарихи оқиға мен тарихи үрдістердің белгілі бір уақыт пен ортада өтетін өлшем бірліктері. «Кеңістік» ұғымының түп-төркініне үңілсек, ол тоқтаусыз құбылыс және шексіздік деген мағына береді. Яғни, жер бетінде адамзат баласы пайдаланатын ұзындық өлшемдерінің бәрі кеңістікке тікелей қатысты [1]. Ал, осыны тарихпен байланыстырар болсақ, жер бетінде түрлі тарихи оқиғалардың тиісті жерлерде, белгілі бір уақытта және ашық кеңістікте өтетініне көз жеткіземіз. Осыдан келіп, «кеңістік – қандай да бір тарихи оқиға мен тарихи үрдістердің белгілі бір уақыт пен ортада өтетін өлшем бірліктері» деген тұжырым жасаймыз. Ал, өлшем бірліктері кеңістіктің негізгі қасиеттері болып табылады. Мысалы, біз белгілі бір заттың биіктігін, салмағын және тереңдігі мен шексіздігін өлшей алмасақ, кеңістіктің белгісін табуымыз да мүмкін емес. Сондықтан, кеңістік өлшеммен тығыз байланысты. Осыған орай, ерте заманнан бері әлем халықтарының тәжірибесінде кеңістікті өлшеуге арналған шартты бірлік «шақырым» деп аталған. Сондай ақ, тарихты тану барысында бізді әлемнің жаратылысы мен шексіздігі, сондай-ақ, ежелгі адамдардың қоршаған орта туралы қандай түсінікте болғаны жөніндегі мәселелер қызықтыраы сөзсіз. Демек, әр нәрсенің тарихын білу үшін ең алдымен уақыт пен кеңістіктің негізгі өлшемдері мен жалпы түсініктерін анықтап алуымыз керек. Мысалы, қазақ елінің тарихын оқығанда, ең алдымен Ұлы Дала кеңістігі аясында тарихи оқиғалардың қай жерлерде болғаны және оның сипаты мен кезеңінде қандай айырмашылықтар орын алғаны жөніндегі мәселелерді қарастырамыз. Кеңістікті әлем халықтары әр түрлі түсінген. Соның ішінде қазақ халқының кеңістік туралы ұғымдарының алатын орны ерекше. Айталық, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың дүниенің кеңістігі және әлемнің шексіздігі туралы өзіндік түсініктері қалыптасқан. Осы ретте адамдар айналадағы тіршілікті бақылай жүріп өздерінің тәжірибесі мен тағылымын келесі ұрпаққа саналы түрде қалдырып отырған. Дегенмен, олар табиғаттан бөлініп шыққаннан кейін қоршаған ортадан өздерінің қандай айырмашылығы бар екенін түсінбеді. Осы тұрғыда олар төтенше құбылыстардан өздерін сақтау үшін табиғат кеңістігінде түрлі тылсым әрекеттер жасады. Сондықтан, ежелгі ата-бабаларымыздың кеңістік пен уақыт туралы ұғымы қазіргімен сәйкес келмейді. Мысалы, ежелгі түркі тайпалары аспанды – Көк тәңірі десе, жерді – Ұмай ана деп сыйынған. Олардың түсінігінше күн адамзатқа нұрын шашатын және әлемді көркейтетін айрықша күш иесі ретінде дәріптелді. Сөйтіп, олар тасқа салған суреттердің басым бөлігінде өгіз үстінде тұрған күн басты адамды бейнелеген. Сондай - ақ, қазақ халқының дәстүрінде киіз үйдің есігін күншығыс жаққа қаратып тігу тәсілінен де кеңістік ұғымына қатысты көп нәрсені байқауымызға болады. Қазақ халқының кеңістікті «шартарап» деп атауынан жердің домалақ екенін ертеден-ақ білгенін аңғарамыз. Сонымен бірге, кейбір түсініктер бойынша «жерді алып көк өгіз мүйізімен көтеріп тұрады» деген ой пайда болған. Осы тұрғыда олар жердің сілкінуін өгіздің мүйізі талған кезде оны бір мүйізінен екінші мүйізіне ауыстыру кезінде болатын табиғи құбылыс ретінде қарау жөніндегі ұшқары түсінікпен байланыстырады. Сақ тайпаларының әлем кеңістігі жөніндегі түсініктерінде дүниеде аспан

әлемі, жер әлемі және жер астындағы әлем бар деп есептелген. Ал, күнге табынудың қазақ жеріндегі тамаша ескерткіштері – сақтардан қалған «мұртты» обалар болып табылады. Сақ тайпаларының пікірінше күннің құдіретіне тек жылқы малының қасиеті сай деп есептелініп, құрбандыққа тек жылқы шалынған екен. Сонымен бірге, сақтардың кеңістік туралы түсінігі Есік қорғанынан табылған сақ ханзадасының бас киімінде бейнеленген. Бұлар – күн, қанатты 4 пырақ және 4 алтын жебе суреті. Бұл құдайдың үш әлем кеңістігіне билік жүргізуінің ерекше белгісі болып табылады. Сондай-ақ, ежелгі ата-бабаларымыз Аспан мен Күнді дүниедегінің бәрін жаратушы құдірет деп таныса, ал жоғары қызмет бабында мемлекетті билеп отырған «қағанға» аспан қасиет беріп, құдірет иесі ретінде құрметке бөлеген деп түсінген. Сондықтан, ғұн билеушілері жөнінде: «Жер мен аспаннан жаратылған, күн мен ай таққа отырғызған адам, ол ғұндардың ұлы да құдіретті билеушісі» деген мәліметтер кездеседі. Бұл ғұндарға қатысты мәселе. Ал, үйсіндер болса өз көсемін Күнби деп атап, оған құдіреттік немесе көк аспандық деген мағына берген. Бұл туралы, бүгінде бізге жеткен Орхон-Енисей ескерткіштерінде: «Жоғарыда – аспан, төменде – кара жер құрылып, ал олардың аралығында адамзат перзенттері пайда болған» деген жазу жолдарын оқимыз. Осылайша балалар, өмір бойы аспан мен табиғатқа, көз алдарындағы шексіз кеңістіктегі әлемге табынып, өздерін аспан перзенті санаған біздің ата-бабаларымыздың дүние кеңістігі мен әлемнің шексіздігі туралы өзіндік түсініктерінде аса терең мән жатқанынан хабардар болдық [2]. Орта ғасырлар ойшылы Ф.Аквинский математикалық кеңістік пен ақырғы нақты кеңістік (орын) арасындағы айырманы ажыратып қарады. Қайта өрлеу дәуірінде қиялдағы геометриялық фигуралар және олардың арақатынасы ретінде көрініс тапқан кеңістік ұғымы, атап айтқанда кескіндеме өнерінің келешегі туралы ілімнің дамуына байланысты, алдыңғы қатарға шықты. Жаңа дәуір ғылымы мен философиясы схоластикалық дәстүрге қарама-қарсы бағытты ұстанды, кеңістік туралы бұрынғы түсініктерді жоққа шығарды. Спиноза тұрқылықты (протяженность) жалғыз құдайлық субстанцияның шексіз белгілерінің бірі деп қарастырды; оның пайымдауынша, мұнда адамның ақыл-ойы танып-білетін белгілі екі нәрсе ғана бар, олар: тұрқылық пен ойлау. Декарт та кеңістікті тұрқылыққа теңеді, оны ойлаумен бірге өздігінен бар тәуелсіз субстанция сипатындағы материяға ұқсастырды, яғни кеңістікті өзінің өмір сүруі үшін бірыңғай және жалғыз субстанция болып табылатын Құдайдан басқа ештеңеге мұқтаж емес мәңгі бар болу деп пайымдады. Декарттың түсінуінше, Құдай мен адамзаттың ақыл-ойы шексіздік пен шектілік сипатындағы рухани субстанция, ал күллі физикалық нақты нәрсені Декарт қозғалыс арқылы жекелеген бөлшектерге бөлінетін біртекті қашықтыққа жатқызады. Декарт физикалық заттардың кеңістігінен өзгеше басқа кеңістік бар деп мойындамады, сондықтан геометриялық нысандар нақ сол кеңістіктің өзінде орналасқан заттар ретінде қаралуға тиіс деп білді. Геометриялық кеңістікті физикалық кеңістікке ұқсастыру Декарттың Галилейден кейін физикалық денені математиканың заты деп қарауына, дене субстанциясы туралы математикалық ғылымды, яғни механиканы жасауына мүмкіндік берді. Ньютон кеңістікті денелерге тәуелсіз және олардан бұрын өмір сүретін нәрсе деп қарады. Кеңістік үздіксіз нәрсе, сонымен қатар мынадай қасиеттерге ие: кеңістік үш өлшемді, тең өлшемді және барлық бағыттарда шексіз көсіліп жатады, мәңгі және табиғаты бойынша өзгермейтін нәрсе. Кеңістіктің барлық бөліктері қозғалмайды және бір ғана қасиеттерге ие. Ньютонның пайымдауынша, шегі бар нәрсе кеңістіктің қайсыбір бөлігінде де болмай тұра алмайды; Құдай күллі шексіз кеңістікте бар. Ньютонның бұл пайымдауын XVII ғ-дың көптеген философтары мен теологтары, атап айтқанда, Т.Мор мен Дж.Рафсон қуаттады. Мысалы, Мор тек қана Құдай мен кеңістікке тең түрде қатысты 20 қасиет бар деп есептеді, олар: бірлік, қарапайымдылық, қозғалмайтындық, мәңгілік, кемелдік, шексіздік, т.б. Ньютонда кеңістік – жаратылған физикалық дүниенің өзінше бір субстанциясы. Ньютонды замандастары, атап айтқанда Лейбниц, осы үшін сынға алды. Лейбниц кеңістікті денелерден бөлек, өздігінен өмір сүрмейді деп есептейді. Ол кеңістік ұғымы тек физикалық нысандардың қатар орналасуын ғана көрсетеді, шын құбылыстар мен заттардың да,

ықтимал құбылыстар мен заттардың да қатынасы, өмір сүру реті ғана бар деп пайымдайды. Жаңа дәуірде кеңістік физикалық денелермен байланысқан объективті нәрсе ғана емес, сонымен бірге сананың немесе қабылдаудың жемісі ретіндегі субъективті нәрсе деп те қаралды. Соңғы түсінікті Т.Гоббс (1588 – 1679) ұстанды, оның пікірінше, кеңістік шын заттың қиялдағы бейнесі ғана. Джон Локк (1632 – 1704) те осы пікірде болды, оның ойынша, кеңістік субъективтік түсінік, заттарды сезімдік қабылдау арқылы алуға болады. Кант кеңістікті сезімділіктің ашық априорлық пішіні, яғни тәжірибеге дейінгі және тәжірибеге тәуелді емес, бірақ барлық тәжірибеге қажетті қатысушы пішін деп түсіндірді. Француз ғалымы А.Пуанкаренің (1854 – 1912) пайымдауынша, Евклид кеңістігінде мынадай қасиеттер бар: ол үздіксіз, шексіз, үш өлшемді, бір текті және изотропты (кеңістіктің қасиеттері бағытқа тәуелді емес). Кеңістікті тек заттық, табиғи құбылыстарға ғана тән деп қабылдау адамдардың күнделікті үйреншікті сезімдерінде, ойлау машығына берік бекінген. Егер біз бір нәрсенің тұрқын, енін, биіктігін, тереңдігін, шектілігін, шексіздігін, оңын, солын, алдын, артын, т.б. тікелей өлшей алмасақ, онда кеңістіктің белгісі жоқ сияқты болып көрінеді. Адамдардың әлеуметтік, техникалық, рухани, т.б. өмірі, оның түрлері болмыстың кеңістіксіз салалары болып шығатын тәрізді. Оларды метрлеп, километрлеп өлшей алмайсың. Сонымен қатар адамдар күнделікті ойлауында өзара қатынастарын, қоғамдасудың түрлерін, олардың ішкі құрылымын, т.б. жақтарын кеңістік түрлерінде қабылдайды, түйсінеді, сипаттайды. Бұлар соның үстіне адамгершіліктің сипаттамалары іспетті. Біз іс-әрекетті, қарым-қатынасты, тіпті ақыл-парасатты, ой-сананы, сезім-түйсікті биік-төмен, алыс-жақын, терең-таяз, т.б. деп, яғни физ. құбылыстардың қасиеттерін ондай қасиеттері жоқ қоғамдық қатынастарға көрнекі бейнелік қуат беру үшін ұқсастыра аламыз. Демек, кеңістіктік қатынастар әлеум. өмірге, рухани әлемге де тән. Әлеуметтік кеңістіктің де, рухани кеңістіктің де өзіндік үлкен өзгешелігі бар. Әлеуметтік жүйенің де шеті, шегі мен орталығы, төм. және жоғ. жақтары, биігі мен ені бар. Оларда да шеңберлік немесе пирамидалық құрылымдар кездеседі. Мысалы, қатаң бір орталыққа бағынатын басқару жүйесін пирамидалық деп атайды. Ол әншейін көрнекі бейне емес, ол әлеум. пирамида, оның басқару орталығы жоғары ұшында. Бұл, көбінесе, тоталитарлық жүйелерге тән. Сондықтан да қарапайым бұқара арасында тараған “Құдай биікте, патша алыста” деген мәтел олардың шын қатынастарын көрсетеді. Патша географиялық алыстықта емес, әлеум. алыстықта. Географиялық жағынан тіпті жақын тұрған патшаға қарапайым адамның жетуі қиынның қиыны, бәлкім, одан гөрі жұмыр жерді он айналып шығу оңайырақ болар. Адамдар қоғамындағы дүниеге дәстүрлі көзқарасын, сол қоғамның әлеум. жүйесін, т.б. алып қарағанда, олардың негізінде жатқан құндылықтардың белгілі бір кеңістіктік қатынастарды туғызғанын көруге болады. Осы орайда түркі халықтарының байырғы тұрмыс-тіршілігін, дүниеге көзқарасын мысалға алып қаралық. Олардың “Тәңірі – Ұмай” жүйесіндегі байырғы нанымдары бойынша, Тәңірі (аспан) – әке де, Ұмай (жер) – ана. Түркілер солардың ұрпағы. Аспан дүниесі, ондағы денелер, әсіресе, Күн түркілердің айрықша қастерлеп, табынатын киелі нысандары. Аспан (тәңірі), әсіресе, Күн адамдарды тудырған, оларға нұр шашып, өмірді үнемі жандандырып, жайнататын күш. Одан қымбат, одан құнды ешнәрсе жоқ. Күннен кейінгі табынатын нәрсе – Ұмай (Жер-ана). Ал жер асты, оның қойнауы – өлілер дүниесі, адамдарға жат, қорқынышты, көбінесе, жамандық әкелетін жақ. Яғни түркілер үшін құндылықтың ең бастысы – Аспан, Күн. Ежелгі түркілер үйлерінің есігін үнемі шығысқа, яғни Күннің туатын жағына немесе Күннің ең қуатты жағы – оңтүстікке қаратқан. Түркілерде алдыңғы, артқы, оң, сол жақ олардың шығысқа қатынасына байланысты. Барлық уақытта алдыңғы жақ – шығыс жақ. Яғни адамдардың әлеум. ой-санасында кеңістіктің құрылымы, ұйымдасуы олардың ең түпкі құндылықтарына бағынады. Демек, әлеуметтік кеңістіктің де өз тұңғығы, өзінің бет жағы, биігі мен төмені, өзіндік ауқымы бар. Сондай-ақ, рухани кеңістік, мәдени ауқым, саяси кеңістік деген ұғымдар да өмірде бар, шын нәрселердің көрінісі. Саяси кеңістік – тарихи жағдайларға байланысты дүниеге келген саяси жүйе таралатын немесе оның саяси ықпалы жүзеге асырылатын аумақ. Саяси кеңістік үш

функцияны: 1) саяси өмірдің алғышарттарын; 2) мемлекеттердің саяси қызметінің (геосаясат) мақсаттарын; 3) саяси өмірдің алуан түрлі пішіндерінің тіршілік етуі мен дамуының экол. ортасын жүзеге асырады. Алғышарт ретінде ол саяси жүйенің аумақтық мөлшерін және шекарасын айқындайды, экологиялық-геогр. жағдайлардың саяси өмірді ұйымдастыруға, оның атқарушы билік тарапынан басқарылу дәрежесіне, орталықтың жергілікті жерлердегі билікпен байланысу дәрежесіне ықпалын сипаттайды. Мысалы, Еуропа мемлекеттері шекарасының кеңістіктік ашықтығы Батыс Еуропадағы демократия жеңісі алғышарттарының бірі болды. Экологиялық орта ретінде саяси кеңістік саяси жүйенің нышандары арасындағы байланыстарды, осы байланыстардың сипатын ой елегінен өткізуге, мыс., отарлық иеленуді немесе ықпал ету аймағын қоса, көбінесе, ұлттық мемлекет шеңберінен шығатын мемл. басқару аумағы мен шекарасын тиянақтауға мүмкіндік береді. Саясат тілінде саяси кеңістіктің символикалық және метафоралық мәні бар. Мәселен, “қырғиқабақ соғыс” жылдарында “Батыс” сөзінің жай ғана геогр. мағынасы болып қойған жоқ, ол ең алдымен әскери-саяси бірлесу деген мағынаны білдірді. Қазір “Батыс” деген сөз әлемдік достастықтың аймақтық шекарасын, демокр. басқару пішіні мен нарықтық экономика құрамдас бөлігі болып табылатын қоғамдық-саяси дамудың белгілі бір үлгісін сипаттайды. Бұл үлгінің құрамдас бөліктері түрлі қоғамдар мен мәдениеттерге таралып сіңісуде. Жаңа мыңжылдықтың қарсаңы мен басында әлемдік саяси кеңістік қалыптасып келеді, ол түрлі саяси жүйелердің жақындасуымен, дамудың ең таңдаулы үлгілерінің іріктелуімен, тайталастан шығу және халықар. саясатта келісу жолдарын іздестірумен сипатталады, ал бұл жаңа әлемдік қоғамдастықтың қалыптасуын айғақтайды.

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. Сарбасова, Г.А. Уақыт, кеңістік және сан өлшемдерін философиялық тұрғыдан түсіндіру. July 2013 Journal of Eurasian studies Volume V., Issue 3.
2. Муравьев В.А. Пространство и время, история человека и общества историческая география. Доклад на научной конференции "Исторический источник: человек и пространство", М, РГГУ, 3 февраля 1997 г.
3. Пригожин И., Стенгерс И. Порядок из хаоса. -М.: Мир, 1986.
4. Рейхенбах Г. Философия пространства и времени. -М.: Наука, 1985.

ӘОЖ 93/94

АЛАШТЫҢ КӨСЕМІ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ САЯСИ КӨЗҚАРАСЫ ЖӨНІНДЕ

Әбдрахманов Мейіржан Нұржанұлы

99meirzhan@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің студенті Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Р.Т.Ракишев

Біздің заманауи түсінігімізде, қазақ ұлтының интеллигенциясының қалыптасуы ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезінде болды.

Бұл үрдіс бірқатар әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси факторлардың кері ықпалынан әлсіз жүрді. Олардың ішінде ең елеулісі Қазақстанның экономикасының артта қалуы, яғни көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық, артта қалған егін шаруашылығы, өндіріс, көлік, сауда салаларының кем дамуы, халқы 50 мыңнан асатын тұрғыны бар қалалардың жоқтығы және т.б. Дегенмен, темір жолдар салынды, тау-өнер кәсібі, қалаларда кішігірім тамақ және жеңіл кәсіпорындар пайда болды.